

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2022 жылғы 11 мамырда жарияланды.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев аймақтардың дамуына айрықша көңіл бөледі! Жаңадан ашылған облыстар халықтың мұң-мүддесінен шығуда.

Осы орайда, Ұлытау өңіріне назарыңызды аударғым келіп тұр.

Ұлытау облысы құрылып, өңірді дамыту бағдарламасын дайындағанда, көш-қон бағдарламасының олқылықтарын ескеріп, жетілдіру керек.

Ұлытау өңіріне көшіп келушілерге және инвесторларға тартымдылығын арттыру мақсатында өңірлерді дамытуға бағытталған бағдарламалардың толыққанды, нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету.

Ұлытау өңірінің Арал экологиялық апатынан және Байқоңыр космодромының зардабын тартып отырғаны белгілі. Осыған байланысты арнайы бағдарлама қабылдауды ұсынамыз. Бағдарламада жалақыға 20% үстем ақы, ақы төленетін демалыс уақытына 10 күн қарастыру қажет.

Елді мекендердің ара қатынасын жақсарту мақсатында көлік жолдарын қысқа уақытта жөндеуден өткізуді қамтамасыз ету керек.

Жаңа құрылған Ұлытау облысында территориялық даму, тұрақты адам орналастырумен айналысу өте маңызды. Сондықтан, облысқа адамдарды тұрақтандырудың бағдарламасы қажет.

Жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес беруді сұраймыз.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары, «АМАНАТ»
партиясы фракциясының
мүшелері**

**Қ. Ержан
Ф. Қаратаев**

*Орынд: А. Сансызбай
Тел. 74-62-11
sansyzbay@parlam.kz*